

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 6 маусымдағы N 131 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 12 ақпандағы № 838 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 12.02.2019 № 838 Жарлығымен.

"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 20) тармақшасына және "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 20 наурыздағы N 88 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 32, 339-құжат; 2003 ж., N 40, 417-құжат):

1-қосымшада:

3-тармақтың 2) тармақшасында "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі тұжырымдамасын," деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1), 2-1), 3-1), 3-2), 8-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) елдің дамуындағы аса маңызды бағыттар бойынша стратегиялық құжаттардың мазмұнын қарау және бағалау;"

"2-1) елеулі әлеуметтік-саяси, экономикалық, әскери, экологиялық және өзге де салдарлармен байланысты дағдарысты жағдайлардың алдын алу жөніндегі жедел шешімдерді, соның ішінде жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі ұсынымдарды дайындау;"

"3-1) Бас прокуратураның, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің, Сыртқы істер,

Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар, Әділет министрліктерінің, Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің бірінші басшылары лауазымына тағайындауға ұсынылатын кандидатураларды талқылау;

3-2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысатын мемлекеттік органдар басшыларының есептерін тыңдау;"

"8-1) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;"

3) тармақшада:

"үйлестіру" деген сөзден кейін ", талдау, мониторинг жасау" деген сөздермен толықтырылсын;

"құқық қорғау, орталық атқарушы" деген сөздер "мемлекеттік" деген сөзбен алмастырылсын;

6-тармақта:

"тұрақты мүшелерінен және" деген сөздер алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының", "Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының", "Президенттің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы" деген сөздермен алмастырылсын;

7, 8, 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің Төрағасы, Парламенті Сенатының Төрағасы, Премьер-Министрі, Президенті Әкімшілігінің Басшысы, Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, Сыртқы істер министрі, Қорғаныс министрі лауазымы бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері болып табылады.

8. Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері етіп өзге де лауазымды тұлғаларды қосымша тағайындауы мүмкін.";

"13. Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін Президенттің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысының ұсынуы бойынша құрылымы мен штатын Президент Әкімшілігінің Басшысы айқындайтын Қауіпсіздік Кеңесінің хатшылығы, Қауіпсіздік Кеңесінің Ахуалдық орталығы қамтамасыз етеді.";

12-тармақта:

мынадай мазмұндағы бірінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған шешімдер Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының орындауы үшін міндетті болып табылады.";

"Қауіпсіздік Кеңесі мүшелерінің" деген сөздер алып тасталсын;

"Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының" деген сөздер "Президенттің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысының" деген сөздермен алмастырылсын;

14-тармақта:

"Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының" деген сөздер "Президенттің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысының" деген сөздермен алмастырылсын;

"Жұмыс топтарының міндеттері мен құрамын Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы айқындайды." деген сөйлем "Ведомствоаралық комиссиялардың қызметін үйлестіруді, жұмыс топтарының міндеттері мен құрамын айқындауды Президенттің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы жүзеге асырады." деген сөйлеммен алмастырылсын;

15-тармақ алып тасталсын;

16-тармақта:

"оның Хатшысының" деген сөздер "Президенттің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысының" деген сөздермен алмастырылсын;

17-тармақта "Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы" деген сөздерден кейін "және Қауіпсіздік Кеңесінің Ахуалдық орталығы" деген сөздермен толықтырылсын;

19-тармақта "Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының" деген сөздер "Президенттің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысының" деген сөздермен алмастырылсын;

20-тармақта "Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы" деген сөздер "Президенттің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы" деген сөздермен алмастырылсын;

21-тармақта:

"Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы" деген сөздер "Президенттің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы" деген сөздермен алмастырылсын;

2) тармақшада "Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығының" деген сөздерден кейін " және Қауіпсіздік Кеңесі Ахуалдық орталығының" деген сөздермен толықтырылсын;

4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ету, елдегі және шетелдегі істің жағдайы туралы оны уақтылы әрі толық хабардар ету, Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдерін сөзсіз әрі егжей-тегжейлі орындау және олардың орындалуын бақылау мақсатында:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне;

министрліктерге және өзге де орталық атқарушы органдарға;

Жоғарғы Сотқа, Бас прокуратураға, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне - тиісінше сот төрелігін жүзеге асырумен, қылмыстық қудалау, анықтау, алдын ала тергеу және жедел-ізвестіру қызметі функцияларын жүзеге асырумен байланысты емес мәселелер бойынша;

Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі комитетіне;

Ұлттық Банкке;

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Қазақстан Республикасы астанасының әкімдеріне тапсырмалар беруге хақылы;"

2-қосымшаның күші жойылды деп танылсын;

2) күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.10.12. N 201 жарлығымен.

3) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

4) күші жойылды - ҚР Президентінің 2008.03.11. N 552 Жарлығымен.

5) "Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы N 828 Жарлығында :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының және мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және бекітетін немесе оның келісуімен тағайындалатын және бекітілетін, оның ұсынуы бойынша сайланатын басшы қызметкерлерінің лауазымдар тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілік Басшысы"

Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы

деген жол мынадай мазмұндағы жолмен алмастырылсын:

"Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілік Басшысымен";

Президентінің көмекшісі -

Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы

6) күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2006.10.12. N 201 ; 2008.03.11. N 552; 29.12.2015 № 152 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.05.2018 № 681 Жарлықтарымен.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң